

Тұрғанбеков С., Құранбек Ә.,  
Әлиев Ш.

### Интеллектуалды мәдениеттің философиялық мәселелері

Мақалада интеллектуалды мәдениетті қалыптастырудың философиялық мәселелері сараланған. Интеллектуалды мәдениетті қалыптастырудағы әлемдік тәжірибелер мен дәстүр сабақтастығы мәселелері, жаңғыру үдерісіндегі маңызына ерекше назар аударылды, философиялық, мәдениеттанулық, тарихи, әлеуметтік, саяси аспектілері зерделенді. Интеллектуалды әлеуетті көтерудегі ұлттық рухани-мәдени қайнарларды еңсеру, мәдени сұхбаттастық пен өзара әрекеттестік, интеллектуалды мәдениетті қалыптастырудағы бірегей бағыт интеллектуалды мәдениет тарихының формалары мен мазмұны қарастырылды. Ондағы интеллектуалды дәстүр – интеллектуалды тарихтың негізгі міндеттерінің бірі және интеллектуалды іс-әрекеттің қажетті жағдайы ретінде оның туындысы, интеллектуалды мұраны сақтаудың формасы мен тәсілі екені байыпталды. Интеллектуалды дәстүрдің тек идеялар мен ойлау тәсілдерінің сабақтастығы, интеллектуалды саладағы тарихи мұраның үздіксіздігі ғана емес, қайта туындату, белсенді қабылдау, қайта пішімдеу, шығармашылық ұстын, қайта еңсеру немесе қайта өрлеу сынды сипаттарының маңыздылығына ден қойылды. Білім беру мен ғылым саласындағы әлеуметтік мәселелерге қатысты ой түйінделді.

**Түйін сөздер:** тарих, философия, әлеуметтану, жаңғыру, интеллектуалды мәдениет, интеллектуалды ұлт, Қазақстан.

Turganbekov S., Kuranbek A.,  
Aliiev Sh.

### Philosophical problems of intellectual culture

The paper analyzes the philosophical problems of formation of intellectual culture. Particular attention is paid to the value problem of the relationship of the world practices and traditions in the formation of intellectual culture, studied cultural, historical, social and political aspects. Formation of intellectual culture is considered in a coherent manner the history and content of intellectual culture, most paid to the national spiritual and cultural sources for the growth of intellectual potential, cultural dialogue and interaction. Intellectual traditions are understood as deriving from the basic function of intelligent historical baggage and necessary function of intellectual culture, form and method of preserving the intellectual heritage. Focuses not only on the relationship of ideas and methods of intellectual tradition, continuity and historical heritage, but also an active perception, a new modeling, creative intent, and the introduction of new criticism of their performance. A review on the social problems of education and science.

**Key words:** history, philosophy, sociology, modernization, intellectual culture, intelligent Nation, Kazakhstan.

Тұрғанбеков С., Құранбек А.,  
Алиев Ш.

### Философские проблемы интеллектуальной культуры

В статье проанализированы философские проблемы формирования интеллектуальной культуры. Особое внимание уделено проблемам взаимосвязи мировой практики и традиций в формировании интеллектуальной культуры, исследованы культурологические, исторические, социальные, политические аспекты. Формирование интеллектуальной культуры рассмотрено в одном ключе истории и содержания интеллектуальной культуры, большая часть уделена рассмотрению национальных духовно-культурных источников для роста интеллектуального потенциала, культурные диалог и взаимодействие. Интеллектуальные традиции понимаются как производное от основной функции интеллектуального исторического багажа и необходимая функция интеллектуальной культуры, форма и метод сохранения интеллектуального наследия. Акцентируется внимание не только на взаимосвязь идей и методов интеллектуальных традиций, непрерывность исторического наследия, но и на активном восприятии, новом моделировании, творческом намерении, новом внедрении и критике их характеристик. Сделан обзор на социальные проблемы образования и науки.

**Ключевые слова:** история, философия, социология, модернизация, интеллектуальная культура, интеллектуальная нация, Казахстан.

**ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ  
МӘДЕНИЕТТІҢ  
ФИЛОСОФИЯЛЫҚ  
МӘСЕЛелЕРІ**

Қазақстан қоғамының интеллектуалды мәдениеті мен ұлт ретінде қалыптасуының өлшемдері мен бағыт-бағдары, мемлекеттік стратегиялық саясаты жан-жақты құбылмалы әлемде қалыптасып келеді. Мемлекеттік «Интеллектуалды ұлт – 2020» жобасы қабылданып, оның: 1) Қазақстанның білім беру жүйесіндегі серпілісі; 2) ғылымды дамыту және еліміздің ғылыми әлеуетін арттыру; 3) инновация жүйесін дамыту сияқты аспектілері айқындалды [1].

Қазақстан Республикасы жаңғырудың ұзақ уақыттық мерзімін таңдап алды, ол билік элитасының ғана емес, жалпы дүйім жұрттың да таңдауы деп байыптасақ та болады. Мемлекет заманауи дамыған экономикаға секіріс жасап, жаңа технологияға ден қоюда, әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени қатынастарды түлетуді жолға қоюда. Дегенмен, мемлекеттік ресурстар мен игіліктердің көп пайыздық мөлшері шетелдік инвесторлардың еншісінде деген қоғамдық сараптамада алаңдаушылық басым болса, құбылмалы әлемде ұлттық мәдениетімізді қайтсек жаңғыртамыз, интеллектуалды әлеуетімізді қалайша нығайтамыз деген сауалдардың шешімі көңілді көншітпей келеді. Мұны еліміздің капитализм мен индустриалды дәуірге енді ғана қадам басып келе жатқандығымен де түсіндіруге болады. «Өткен бес жыл ішіндегі индустрияландырудың сипаты бәрімізге айқын. Біз әруақытта Қазақстан бай, жер қойнауында темір де, көмір де, мұнай да, газ да, алтын, күміс, мырыш та бар деп жүрдік. Алайда, сол байлықтың барлығын шикізат ретінде басқа елдерге тасымалдап, қызығын сол елдер көріп жатты. Неше жылдардан бері мен осыны айтып келдім, ал қазір біз сыртта жасап жатқан байлықты елімізге әкелуге бет бұрдық. Бұл – Тәуелсіздікті жариялап қана қоймай, оны ұстап қалумен бірдей қиын шаруа. Себебі, бізде өндіріс болған жоқ. Басқа мемлекеттерде болды. Кеңес Одағының басқа республикаларында болды. Бүгінде біз осының орнын толтырып жатырмыз», – деген болатын осы тұрғыда Президент Нұрсұлтан Назарбаев [2].

Жиырмасыншы ғасырдың елуінші жылдары әлемнің 50-ден астам мемлекеті жаңғыру жолына түскендігін мәлімдеген болса, олардың арасынан санаулысы ғана табысты және тұрақты нәтижелерге қол жеткізіп, рационалды сипаттамалар мен объективті өлшемдерге ие болды. Мұндай жетістіктерге жет-

кізген жаңғыру жолының сараптамасы көрсетіп отырғандай, жаңғыру экономика мен заң, жаңа технология аясында жүргізілумен бірге, кешенді әлеуметтік-мәдени үдерістің қарқынды түрде жүзеге асуын талап етеді. Мәдениет – барлық формалды және формалды емес институттарды қамтып, құндылықтардың өндірілуіне, жойылуына, тасымалдануы мен таралуына жауапты. Мәдениеттің жаңғыру потенциалынан, әлемнің ұлттық көрінісінен бас тарту, жаңғыру теоретиктерін тығырыққа тірері сөзсіз [3, 3-4 б.].

Заманауи мәдениеттің күйі тарихи динамиканың үдеуімен, жекелеген мәдениет көріністерінің жаһандық өнімділігімен, әлеуметтік престиж (бедел) ережелерімен, топтық және тұлғалық өзіндік идентификация үдерісінің өзектілігімен анықталады. Әлеуметтік-мәдени динамиканың ұлғаюы және мәдени кеңістіктегі адам болмысының жаңа формалары мен тәсілдерінің қалыптасуы, батыстық қалыптасқан түсінікпен айтқанда кейінгі модерн қоғамына көшу мәнмәтінінде, әлеуметтік және жағырапиялық ұтқырлық үдерісінің интенсификациясында жүзеге асты. Дегенмен, мәдениеттің біртектену, біріздену үрдістеріне қарамастан әлемнің көптүрлі мәдени көріністерінің рәсімделуі аңғарылуда. Заманауи ғылым өзектілігін арттыра түскен плюрализм, мәдениеттің көптүрлігі идеялары өз кезегінде мәдениетаралық өзараәрекеттестік пен байланысқа ерекше ықпал етті. «Мәдениеттер әлдеқашан гермевтикалық жабық кеңістік болудан қалды. Жер тұрғындарының көші-қон тасқыны нәтижесінде жер шарында экзотикалық руханилық белбеуі оралды. Жойқын кросс-мәдени байланыстар. Ұлтаралық некелер. Экуменикалық толқындар. Көгілдір экраннан шығып жатқан құдіретті сөздер. Ғаламдық дінаралық сұхбатты іздеу. Мүмкін, бұл үрдістерге қарсы тұру қажет шығар? Дәл осылай фундаменталистер пайымдайды. Ұлы өсиеттер бұзылмайды ма екен? Мәдени ағымның мағынасыз мозайкасы туындамай ма екен?» деген сауалдар мазмұнын ескерген де жөн болар [4, 17 б.].

Қазақстан қоғамында интеллектуалды мәдениетті зерттеу мен зерделеудің, қалыптастырудағы оңтайлы тетіктерін табудың және бір себебі, отандық философ Аманжол Қасабектің мына бір пікіріне сайып келеді: «Ғасырлар бойы қазақ халқының салт-дәстүрі көшпенді өмір салты нәтижесінде қалыптасып, XX ғасырдың басында отырықшы мәдениет үлгісіне көшті. Егер отырықшылыққа көшуде өмірдің экономикалық жағдайы өзгерсе, халықтың психологиясы осы күнге дейін әдетінше даланың шексіз жазирасын өзінің меншігі ретінде елеңдеткізеді, кеңіс-

тікті түсінудің бұл түрі қазақ рухының мәні мен мағынасы болып табылады» – дейді [5, 16 б.]. Интеллектуалды мәдениеттің ұлттық үлгісін іздеудің маңызы мен өзектілігі этномәдениеттің рухани ілкі негіздерін, қадым дәстүрді зерделеуден, өзіндік бітім-болмысымызбен сабақтастыра отырып кешенді түрде зерттеуіміз де маңызды деп ойлаймыз. Қазіргі заманда елімізде қоғамның әртүрлі салаларындағы реформалар, өркениетті, дамыған елдердің қатарына қосылу жолындағы қадамдарымыз мәдени тарихымыздағы іргелі, болмыстық мағынадағы құндылықтарымызды жан-жақты сараптаудан өткізуді жалғастырумен бірге, оны зерделі ғылыми-методологиялық деңгейге көтеруді талап етеді.

Қазіргі құбылмалы әлемнің жаңғыру жағдайында ұлттық мәдениеттің қалыптасуы мен даму жолы зерттеушілердің ерекше назарын аударып отыр. Әсіресе жаңғыру үдерісі мен ұлттық мәдени дәстүр мен құндылықтардың, идентификацияның қатынасын қоса зерделеу өзекті. Елімізде түрлі шиеленістер туғызуға әкелетін қоғамға жат құндылықтар мен жүріс-тұрыс үлгілері қоғам өмірін елеулі өзгерістерге әкеліп, күнделікті тұрмыс-тіршілікке оңтайлы баға беруді талап етуде. Жаңа үшмыңжылдықтың басында біз өмірімізге қатысты жағымсыз мәселелермен ғана емес, сонымен қатар жаңа мүмкіндіктермен де бетпе-бет келіп отырмыз. Сөз бостандығының позитивті тұрғыда арта түсуі, әлеуметтік-мәдени кеңістіктің ашықтығы, тұлғаның еркін әлеуметтену мүмкіндігі елімізде баяу болса да нығайып келеді, сонымен бірге жаңа құндылықтар мен өмір сүру салтының, жүріс-тұрыс үлгілерінің тасымалдануы да күннен-күнге арта түсуде. Қазақстан қоғамына соңғы онжылдықта әлеуметтік теңсіздіктің күшейуімен қатар орта таптың қалыптасуы, стратификациядағы өзгерістер де тән болса, құндылықтар жүйесі де айтарлықтай трансформацияны басынан өткеруде. Әрине, бұл еліміздегі посткеңестік кеңістіктің белгілі деңгейдегі әлеуметтік-мәдени құндылықтардың өзге жағдайларға бейімделу үдерісімен байланысты. Тұлғаның бейімделу мүмкіндіктері мәдени, экономикалық, әлеуметтік және рәміздік сынды оның абыройы мен беделін қамтитын капиталға тәуелді күйде [6, 3-5 б.].

Ұлттық мәдениет – үздіксіз өзгерістердегі ұзақ тарихи тұрақтылық пен әлеуметтік-тарихи бірегейлік, өзіндік болмысты сақтайтын өзіндік өзін-өзі реттеу механизмдер ерекшеліктеріне ие тұтас білімдер жүйесі. Ұлттық мәдениет ұзақ әлеуметтік-тарихи тәжірибе мен білімдердің жиынтығы, қайта құрылуы, сақталуы ретінде

(дәстүр, құндылықтар, ережелер, рәміздер, өмір сүру салтының стандарттары мен модельдері арқылы) жүзеге асады. Ұлттық мәдениет динамикасын реттеуші тетіктер ішіндегі ең маңыздысы ғылыми, әлеуметтік, гуманитарлық қалыптар көмегімен мәдениетті стандарттайтын және біртектендіретін білім беру жүйесі мен ағартушылық. Сонымен қатар, ұлт пен қоғамдық пікірді, ұжымдық талғамды, жүріс-тұрыс, сән стереотиптерін, құндылықтарын, саяси мәдениетін қалыптастырушы бұқаралық ақпарат құралдары да өте маңызды. Ұлттық мәдениет әлеуметтік-экономикалық, саяси, тарихилықтан бастап, эстетикалық, рухани және адамгершілік идеалдар мен құндылықтарды да құрайды [6, 29-30 б.].

Ұлттық мәдениеттің гетерогендік шарты бірнеше факторлардан тұрады: оның қалыптасуына ереже бойынша бірнеше этнос қатысады. Ол өзімен мәдениеттің арнайы салалары: саяси, құқықтық, діни және архаикалық элементтер сақталатын тұрмыстық – рәсімдер, халықтық сенімдер, фольклорды қамтиды. Этникалықпен салыстырғанда ұлттық мәдениет айтарлықтай стандартты, өйткені, ондағы унификация институционалды тәсілдермен жүзеге асырылады [6, 33-34 б.]. Жаһандану да әлемдік ауқымдағы әлеуметтік-мәдени динамиканың өнімі болып табылады, ол жағырапиялық, әлеуметтік, мәдени локальдылықтарды тұтас кеңістіктік-уақыттық үздіксіздікке, себеп-салдарлық байланыстар кеңістігіне әкеледі [6, 108 б.].

Мәдениет пен қоғамдағы динамикалық үдерістерді зерделеу көрсетіп отырғандай, динамикалық үдерістердің үдемелігі мәдениетті репрессиялаудың баяулануымен, мәдениетаралық байланыстардың интенсификациясымен тығыз байланысты. Мәдениетаралық коммуникация интенсивтілігінің өсімі әлеуметтік-мәдени жүйенің тепе-теңсіздігіне әкеліп, жаңа институционалды ортаның қалыптасуына мүмкіндіктер береді. Сыртқы ықпалдар мен мәдениетаралық өзараәрекеттестіктердің кеңейуі әлеуметтік-мәдени динамиканың ішкі қайнарларына өз ықпалын тигізіп қана қоймайды, оның кері толқындары мен қайтарымы да болады. Мәдениеттің өзараәрекеттестігі – кем дегенде екі мәдениеттің бұлжымас қатынастары мен байланыстары, оның нәтижесіндегі ықпалдастықтар мен өзара өзгерістер. Мәдени өзараәрекеттестік үдерісінің шешуші сәтін сол және өзге мәдениеттің күйі мен сапасының, іс-әрекеттері мен құндылықтар өрісінің өзгеруі, мәдени белсенділіктің жаңа формаларының, сырттан келуші импульстер ықпалымен адамдардың өмір сүру салтының

белгілері мен рухани бағдарларының жемісін құрайды. Мәдени өзараәрекеттестіктің ең жоғарғы типіне саяси институттармен демелетін және мемлекеттік маңызы бар ұлттық деңгей жатады. Ұлттық мемлекеттің негізі моноэтникалық та, полиэтникалық та болып, олардың қалыптасуы ұлттық тәуелсіздік үшін күрес пен өзін-өзі анықтаумен айшықталады. Мәдени өзараәрекеттестіктің этникалық және ұлттық деңгейлерінен бөлек, өркениеттік және ұлтаралық деңгейлері де бар. Оның типологиясын: 1) бір мәдениеттің өзге мәдениетке тұтастай ассимиляциясы (қуатты мәдениеттің әлсізді күштеуімен ғана жүзеге асады); 2) нәтижесі өзгерістерге алып келетін мәдениет элементтерінің өзара алмасуы мен интеграциясы, синтезі; 3) тараптардың сапалық емес, жекелей өзгерістері. Мәдениеттің трансформациясы стихиялы немесе стимулдық түрде жүзеге асады; 4) нәтижесінде ешбір өзгерістер болмайтын, әрбір мәдениеттің өз мәдени моделімен дамуы құрайды.

Мәдениетаралық өзараәрекеттестік мәдениет дамуының бір тәсілі ретінде коммуникациялық байланыстарды жүзеге асырудың әдісі болып табылады. Коммуникация мен сұхбат адамзат өмірі мен мәдениеттің ең маңызды бөлігі және көптеген зерттеушілер мәдениетті сұхбатпен де теңестіреді. Мәдениетаралық байланыстар тең құқықтық ынтымақтастыққа негізделген еркін және бейбіт сипаттамаларға ғана ие емес, оны колониалдық жаулап алу көрсеткендей мәжбүрлеу мен күштеу де құрайды. Мәселен, әлемнің батыстық емес бөліктеріне жаңғыру үдерістері дәлірек айтқанда колониалдық үдеріс барысында көбіне-көп сырттан таңылды. Дәстүрлі қоғам топырағына батыстық институттар мен құндылықтық-нормативтік жүйелерін, жүріс-тұрыс үлгілерін күшпен енгізу жай мәселе болып қана қоймай, тұтас өркениеттердің жойылуына әкеліп соқтырды [7, 3-35 б.]. Осы орайда ұстаз Ағын Қасымжанов дала, көшпенділер өркениетіне бағзы дәуірден қазіргі кезеңге дейін ат басын бұрған саяхатшылар мен зерттеушілер жергілікті дәстүр мен мәдениетке қаншалықты танданысы болғанымен, өз мәдениетінің биігінен, колониалдық пен бөгделік, сырттай көзқараста болғанын егжей-тегжейлі зерделеп берсе [8], ирандық философ Ризо Довари Ардакани: «Батыс мәдениетінің дәстүрлі қоғамға деген ықпалы үнемі күшейіп келеді, қазіргі таңда біз өзіндік дүниетанымымызды жаңа идеялармен түлете алмайтындай күйінде тұрмыз, ислам мәдени құндылықтарының әлдебір дағдарысты кезеңіміз. Біз, мұсылмандар, ойлануға қабілетсіз заманға жет-

тік», – деп, батыстық ықпалдан кейінгі қалыптасқан ахуалды орынды бағамдайды [9, 44 б.].

Ұлттық интеллектуалды мәдениетті қалыптастырудағы бірегей бағытқа интеллектуалды мәдениет тарихының формалары мен мазмұнын зерделеу жатады. Біздің ойымызша оларды: 1) ұлттық интеллектуалды мәдениет тарихының әлеуметтік мәнмәтіні мен мәдени бағдарларын айқындау; 2) түрлі мәдени кеңістіктегі интеллектуалды қауымдастық қызметтерінің тетіктерін сараптау; 3) тарихи мәдени-ағартушылық органың қалыптасу үдерісін пән ретінде қарастыру құрайды. Мұндай мәселелерді зерттеу интеллектуалды саланың қызметі мен динамикасының ерекшеліктерін, тарихи үдерістің маңызды құрамдас бөлігі ретіндегі рөлін түсінуге мүмкіндіктер береді. Оның көпдеңгейлі перспективалары макро және микро тарихи сараптамалардың тоғысуындағы пішінді табуға жол ашып, нақтылы-тарихи зерттеулердің пәні мен мәселелерін жаңаша зерделеуге бағыттайды. Ал оның мазмұны түптеп келгенде пәнаралық және әлеуметтік-тарихи, тарихи-мәдени мәселелер мен методологияларды, интеллектуалдық желіні құрайтындығын байыптаймыз.

Интеллектуалды дәстүрді зерделеу – интеллектуалды тарихтың негізгі міндеттерінің бірі, өйткені дәстүр бір мезетте интеллектуалды іс-әрекеттің қажетті жағдайы ретінде оның туындысы, сондай-ақ, интеллектуалды мұраны сақтаудың формасы мен тәсілі болады. Интеллектуалды дәстүр тек идеялар мен ойлау тәсілдерінің сабақтастығы, интеллектуалды саладағы тарихи мұраның үздіксіздігімен қатар, қайта туындату, белсенді қабылдау, қайта пішімдеу, шығармашылық тұғыр, қайта игеру немесе қайта өрлеу ретінде қарастырылады. Интеллектуалды дәстүрді зерделеу – оның таралуындағы қалыптасқан «ядрасы» мен негізгі идеяларын шолумен шектелмейді, ол кешенді сипаттамалар мен ұстындарға да ие. Қазіргі кезде интеллектуалды дәстүрді зерттеу оның идеялары мен теориялары, тұжырымдамалары мен жүйелері шектерінен, оларды қалыптастырудағы нақты әдістері мен тәсілдері сараптамасынан, кең мағынада әлеуметтік-мәдени мәнмәтінінен аясынан шығып кетсе, бұл саладағы еліміздегі жүйелі және кешенді зерттеулер кемшін деп айтуға толық негіз бар екендігін аңғаруға болады [10].

Германиялық философ Иоганн Раудың пікірінше өткеннің тарихи фактісіне қатысты қайшылықтарының бірі «констеллятивті ойлауда» айшықтала түседі. Ешбір тарихи факті мүлдем өзгеріссіз тіршілік ете алмайды, мәселен, істе та-

рихи факті біз, заманауи адам өкілдері оның жаңа шектерін тапқанда ғана тіршілік етеді, бірақ біз оның соңғы нәтижесіне қол жеткізе алмаймыз. Сонымен қатар, бұл фактілерге деген заманауи ұрпақ өкілдерінің қарымды ұмтылысы мен назары фактінің замандастары да, оларды тудырушылар да білмеген жаңа мағыналарды ашады. Кез келген тарихи факті комментарийлер мен интерпретациялар тірі, қазіргі таңда өмір сүруші, дамушы етеді. Өйткені констеллятивті ойлауда өткен мен қазіргі бір, сондай-ақ, қазіргі өткеннің жүзеге асуына көмек көрсетеді. Олар өзара әрекет етіп, қазіргі өткенге арқа сүйейді, ал өткен қазіргімен өмір сүреді. Өткен қазіргі мен болашақтың құрамында болып, оларды қалыптастырады және ол жай ғана «өткен уақыт» емес. Біз өзіміздің өткенге және оның маңызды деген фактісінің жүзеге асуына, жайылуына өте жауапкершілікпен қараймыз. Әрбір мәдениеттің өткені индивидуалды және әрбір ұрпақ оған қосымша бұрылыстар мен қосымшалар береді. Ұлттық бастамалар ғана адамзат тарихын оны насихаттаушыларынан басқасының барлығына бірдей, техникалық-технологиялық прогрестің құрғақ логикалық кестесі ретінде емес, түрлі-түсті көркемсурет кенебіне айналдырады. «Мәдениетаралық сұхбат үшін тарих пен қазіргіні қарастыру тілі өте маңызды. Өткен дәуірлер оқиғалары жайлы көптеген сұхбаттасушыларға түсінікті, заманауи тілмен жеткізе білу қажет. Бірақ ол тілдің мүмкіндігінше идеологиялық, ұлттық, нәсілдік бейтараптылықты сақтауы, яғни осы оқиғаларға деген автордың ұстанымының әртүрлі дүниетанымдық әлде болмаса эмоционалдық-бағалау рәміздерінен аулақ болуы шартты. Оқиғаларға қатысты арақашықтықты сақтау қажет. Әрине, ол өте қиын, бұл толығымен ешқашан орындалмайды да, бірақ оған ұмтылыс жасауға міндеттіміз» [11].

Қазіргі отандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар салаларында интеллектуалдық түсінігі жайлы зерттеулердің дені бір арнадан шыға бермейді. Мәселен: ««Интеллектуалдық» терминінің өзі батыстық академиялық ғылымдардың өнімі. Жоғарыда атап өткендей, ол тек ақылдың ұшқырлығына, тапқырлығына, тиімділік пен пайдалы ойлауға негізделген құбылыс. Бірақ бір өкініштісі бұл жерде тұлғаның руханилық пен адамгершілік жақтары мүлде ескерілмеген. Сондықтан ол екінші бір нұсқада және қазақ тілінің төл сөзі бойынша – «парасатты ұлт» болып айтылуы қажет. «Парасат» сөзі жалпылама кең ұғым (концепт). Ол ақылдылықты, интеллектіні, руханилықты, кең адамгершілікті, өмірлік дана-

лықты, білімділікті, зиялылықты тұтас қамтиды» деген пікірлер де бар [12, 124-125 б.].

Ұлттың интеллектуалды мәдениетінің қалыптасуында 1) білім беру жүйесінің сапасын арттыру, заманауи жаңа технологияларды игеру, инновациялық бәсекеге қабілетті болу, халықаралық үлгілерді назарға алу, азаматтардың бойында креативті ойлау мәдениетін қалыптастыру, ғылым саласын дамытуға қатысты барлық факторларға мемлекеттік қолдау көрсету; 2) рухани тәрбие, қазіргі ақпараттық дәуірдегі көпқырлы құндылықтар мен мәдениеттердің өмір сүрулерін ескеріп, азаматтардың наным-сенімдеріне, ұлты мен жынысына бөлместен шығармашылықтарына тең құқық пен еркіндік беру арқылы ұлттық-мәдени құндылықтар мен рухани қайнарларды жаңғырту; 3) халық шығармашылығы іргетасы – тілі мен наным-сенімі, салт-дәстүрі, тұтас алғанда өзіне тән мәдениеті; 4) демография және азаматтардың денсаулығы, қоршаған орта мен экологиялық тазалық мәселелерін оңтайлы шешу; 5) шалғай аймақтарда (Қазақстан қоғамына қатысты) тұратын азаматтардың ақпаратты алудағы қолжетімділігін, медициналық көмек пен заңгерлік кеңес және тағы басқа да әлеуметтік көмектермен қамтамасыз ету сияқты әлеуметтік-мәдени алғышарттар мен құрамдас бөліктерінің маңызы зор.

Ұлттың интеллектуалды мәдениетін қалыптастыруда «адам капиталы» мәселесіне де назар аудару өте маңызды. «Адам капиталын» арттыру арқылы ұлттың да «интеллектуалды мәдениетін» қалыптастыруға жол ашылары сөзсіз. Бірақ «адам капиталы» түсінігінен «ұлттың интеллектуалды мәдениеті» түсінігінің аясы кең және ауқымды. Мұндай амал-шарттарды елімізде қалыптастыру қоғамның тұтас жаңашылдыққа бет бұруымен ғана жүзеге асуы сөзсіз. Қазақстан қоғамындағы жаңашылдықтың желісі мемлекеттік әлеуметтік-мәдени реформалар мен көп жағдайда жаңғыруға қатысты мемлекеттік түрлі бағдарламалармен ғана айқындалып келеді. Осы тұрғыда әлемнің дамыған алдыңғы қатарлы мемлекеттерінің жетістіктері мен тәжірибелері ескерілсе, оларды жергілікті дәстүрлерге бейімдеу маңызды екенін отандық ғалымдар үсті-үстіне жазып келеді. Мәселен, мәдениеттанушы Ақтолықын Құлсариеваның пайымдауынша батыс еуропалық мәдениеттің негізгі құндылықтарына келесілер жатады: 1) мемлекеттің алдында адамның артықшылығы; 2) жеке меншік құқығына деген кепілдеме; мемлекеттік заңға деген бойсұну; 3) жоғарғы құқықтық және саяси мәдениет; 4) өзін-өзі басқара алу және оның

нәтижесі іспетті – дамыған азаматтық мәдениет; 5) жоғарғы жүріс-тұрыс мәдениеті; 6) жеке және ұжымдық қызығушылықтардың үйлесімділігі; 7) өзгенің қабылдаған өзге пікіріне құрметпен қарау, қоғамдағы толеранттылықтың жоғарғы деңгейі; 8) өз-өзіне жауапкершілікпен қарау; 9) өзінің қабілетіне жүгінген әлеуметтік жетістіктерге деген мақсаттылық; 10) жеке тұлғаға деген құрметтілікпен тең өзін-өзі құрметтеудің жоғарғы деңгейі; 11) іскерлік қатынастар мен технологиялар мәдениетінің жоғарғы деңгейі [13, 8-9 б.]. Ғалым бұл құндылықтарды әлеуметтік жаңғыру мен азаматтардың экономикалық, әлеуметтік, ғылыми-техникалық және қоғамның тағы басқа да іс-әрекеттерін инновациялық белсенділік саясатымен байланыстырады. Дегенмен, мемлекеттегі өзгерістер адам және оның құндылықтар жүйесі мен ойлау мәдениетін, адамгершілік, азаматтық, эстетикалық, интеллектуалды, әлеуметтік жаңғыруға, ғұмырлық және қоршаған орта мен қоғамдық қатынастарға деген көзқарастарын, қоғамдық келісімдегі руханилыққа, ұлттық ерекшеліктер мен конфессияаралық қатынастарын жағымды, икемді, озық бағдарларға қарай өзгертпей дамымайтынын атап көрсетеді.

Ұлттың интеллектуалды мәдениетін қалыптастыруда білім беру мен ғылым факторлары да маңызды екенін жоғарыда атап өттік. Білім беру мен ғылыми факторлар қазіргі интеллектуалдылықты қалыптастырудағы жетекші тұжырымдамаға айналуға келеді. Көптеген зерттеушілердің заманауи қоғамды білім қоғамы деп атауларында шындық бар. Өйткені, білім мен ғылымға мемлекеттік тұрғыда айрықша мән беріп отырған әлемнің алдыңғы қатарлы дамыған мемлекеттері өз экономикасының ішкі жалпы өнімінің 2-3% мөлшерін бөледі, ол білім беру мен ғылымның өркендеп дамуына барынша жеткілікті мүмкіндік болып табылады. Оның қайтарымы да ұшан-теңіз, аталмыш мемлекеттер өздерінің экономикалық тұрақтылығы мен өрлеуін ғылыми технологиялық өндірістер арқылы толықтырып келеді. Ал заманауи қоғамда білім мен ақпарат ең маңызды және қажетті ресурсқа айналып, әлеуметтік деңгейдің икемді және маңызды критерилерін айқындаушының бірі деп қабылданса, батыстық әлеуметтануда қоғамның стратификациялық сараптамасына енбейтін интеллигенция түсінігі түрлі әлеуметтік топтардың ішіндегі айрықша топ ретінде маңызды орынға ие болып, «knowledge-class» немесе «интеллектуалдар табы» деп аталып та үлгерді. Жиырмасынша ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасынан бастау алған бұл үдерістің негізгі белгілері

мен нышандары білім мен ақпарат, білім берудің жоғарғы стандарттары мен ғылыми шығармашылық, өндіріс тәсілдерінің жеке меншігінен тәуелсіздігімен айқындалған «knowledge-worker» немесе «интеллектуалды еңбек жұмысшысы» түсінігі де ғылыми айналымға енді. Интеллектуалдар табының ерекшеліктеріне үнемі өзін-өзі жетілдіру, дербес шығармашылықты арттыру, «постматериалистік» құндылықтар жатса, мұндай түсінікке қарсылардың ұстанымын утилитаристік мотивацияны, жеке материалдық қажеттіліктерді барынша көбейтуге деген талпыныс құрайды. «Интеллектуалды таптың қалыптасуымен әлеуметтік қайшылықтардың жаңа түрі де туындап үлгерді. Әйткенмен, материалдық иеліктеріне байланысты қоғам тең емес екі бөлікке бөлінді, бірі әлеуметтік әділдік ұстындарын бұзбай және өзге адамдардың еңбектерін қолданбай-ақ қоғамның материалды жетістіктерін иемденіп алды. Жиырмамыншы ғасырдың 90 жылдары колледж дипломы бар ақ нәсілді американдықтардың арасында кедейлік – 2% құраса, афроамерикандықтар арасында – 4%, ал қалған орта білімі бар азаматтар арасында бұл көрсеткіш сәйкесінше 31% және 51% құраған» [14]. Білім берудің болашақ перспективалары мен үрдістері де қазірден ойландыратын мәселелерге ие екенін аңғартады.

Батыстық білім беру саласындағы орын алып отырған үрдістерден шығатын қорытынды: «Заманауи таптық қақтығыс енді өндіріс тәсіліне деген жекеменшік төңірегінде емес, адамның өзіне тән мүмкіндіктерінің тең емес нәтижесінде өрбуін қалыптастыруда және ол алғы таптық қақтығыстар формасына қарағанда күрделі сипаттамаларға ие. Интеллектуалдар табы заманауи қоғамның ең жоғарғы қабатына айналып, қоғамдық өндіріс үдерісін өз бақылауына алды, қоғамдық игіліктің үлкен бөлігін өз меншігіне иемденуде» [14]. Дегенмен, мұндай үрдіс біздің қоғамымызда әзірге аңғарылмайды және мемлекеттің ғылым жайлы саясаты (өнер, мәдениет, білім беру) келесі үш негізгі модель мен концепциялардан тұруы мүмкін: 1) ғылыми зерттеулердің «рөлдік майданын» қамтамасыз ету тұжырымдамасы; 2) «басым ғылыми бағыттарды» демеу тұжырымдамасы; 3) «ғылымның нарықтық бағдары» тұжырымдамасы [14].

Осы ретте белгілі философ Бекет Нұржановтың интеллектуалды ұлт пен мәдениетті қалыптастыру мәселелері жөніндегі мына тұжырымдамаларымен толық келісуге болады: «Постиндустриалды» немесе «ақпараттық» қоғамда, олардың теоретиктері (Д. Белл, А. Турен, Ж.-Ф. Лиотар) атап өткендей білім мен ғылым-

ның ахуалы радикалды түрде өзгереді, сонымен қатар экономикалық және мәдени институттардың да қатынастары өзгереді. Экономика қоғамның «базисі» болудан қалады, мәдениет өндіріс кеңістігінің негізіне айналады, «мәдени өндіріс» – идеялар, бейнелер, таңбалар мен рәміздер өндірісі, тауарлар өндірісі шеңберінде олар «өндірістің жеке түріне» айналады. Капитализм қалыптасқанға дейін, – деп жазады Лиотар, – территориялар үшін соғысты, капитализм дәуірінде – өтім рыногы үшін, қазіргі таңда соғыстар ақпарат үшін жүргізілуде: кімде-кім ақпаратқа ие болса, сол әлемге де ие. ...Бұл үдерістердің барлығы алдыңғы лекке басты мәдени фигура сапасы ретінде ғалымды, маманды, экспертті шығарады. Постиндустриалды қоғам теориясының авторы Даниэл Белл мұндай өзгерістерді аталмыш қоғам құрылымдарындағы өнеркәсіп өндірісінен ақпараттық технологияларға негізделген сервис-индустрияға жылжуымен түсіндіреді. Мұнда ең басты рөлді білім мен жоспарлау ойнай бастайды. ...Дамыған қоғамдағы прогресс пен гүлденуді енді жұмысшы класы емес, тіпті бизнесмендер мен кәсіпкерлер де емес, «интеллектуалдар класы» қамтамасыз етеді» [15]. Индустриалды дәуірін енді бастап келе жатқан еліміз үшін бұл маңызды мәселе деп ойлаймыз.

Ұлт тұжырымдамасының батыстық теоретиктерінің пікірінше білім беру капитализм мен индустриалды қоғамның қалыптасуына, оны демократияландырған, әлеуметтік тұрғыда ұтқыр және дамушы еткен басты себеп, басты әлеуметтік институт. Сондықтан да интеллектуалдар класын қалыптастыруда білім беру институтының орны маңызды. «Білім беру интеллектуалды элитаны өндіруші негізгі институтқа айналады (капитализм мен индустриалды қоғамда) – ұлт пен қоғамның мәдени, саяси және рухани лидерлерін даярлайды. ...Ғылым мен білім беру әлеуметтік институт ретінде қарапайым атомдық бірліктер емес, жеке өзінің құрылымына, элементтер иерархиясына ие күрделі жүйе. Және бұл құрылымда негізгі рөлді интеллектуалдар ойнайды. Білім беру жай «ғалымдардың орташаландырылған корпусын» ғана емес, шыңында ғалым-интеллектуал тұратын ғылыми иерархияны, пирамиданы қалыптастырады. Тек ғалым-интеллектуал ғана идеялардың негізгі генераторы, ғылыми тыныштық пен жайбарақаттықты тітіркендіретін, ғылыми, онымен бірге қоғамдық прогрестің ынталандырушысы болады. Томас Кун өзінің әйгілі «ғылыми революциялар теориясында» сендіре көрсеткеніндей, ғылым өз қызметінде екі түрлі деңгейді басынан өткө-

реді – қатынасты қалыпты, бір сарынды, эволюциялық даму деңгейі және дауылды, революциялық, ғылыми парадигманың ауысуына әкелетін жарылыс түріндегі деңгей. Тек екінші деңгей ғана ғылыми прогрестің шынайы қозғаушы күші және ғылыми революцияларды жаратушы, ғылымдағы парадигмалық жылжытушы интеллектуалдар ғана» [15].

Сонымен, интеллектуалдар деген кімдер және интеллектуалды элитаны қалыптастырудағы негізгі жағдайлар қандай деген сауалдарға тоқталсақ: «Интеллектуал – кең ауқымда немесе өз ғылымының саласында әлемге деген көзқарасы ерекше дарынға ие, үйреншікті заттарды үйреншіксіз жағдайларда қоя білу, ойлау қозғалысын тудыратын сұрақтар қоя алатын қабілеті бар ғалым. Интеллектуал мүмкін (немесе міндетті) түрде өзі жаңалық ашуға міндетті емес, оның негізгі ғылыми және мәдени қызметі – өзгелердің ойын ояту, шығармашылық ізденісті ынталандыру, ғылыми дискуссияны туғызу, креативті ойлауды қалыптастыру. Интеллектуалды кеңістіктің өзінің иерархиясы бар: теоретиктер көп жағдайда практиктерге қарағанда, іргелі пәндер өкілдері қолданбалы және техникалыққа қарағанда, гуманитарлық пәндер жаратылыстанушыларға қарағанда, философиялық пәндер өзге әлеуметтік-гуманитарлыққа қарағанда интеллектуалды болады. Көп жағдайда интеллектуализмге философтар бейім келеді, бірақ «мектептегі философия пәнінің оқытушысы» емес, «нағыз» ғана. Бұл философтың ерекше дарындылығы немесе ақыл-ой қоймасымен ғана емес, оның «таза ойлау» үдерісімен сабақтас мамандығының сипатымен де түсіндіріледі. Батыс философиясының сындарлы метафизигі Мартин Хайдеггер философияны «ешбір ықтималдықсыз оларға жауап табатын сұрақ қою өнері» деп анықтаған болатын. Прагматикалық ойлаушы ғалым үшін бұл абсурдты ғылым: жауабы табылмайтынын біле тұра ондай сұрақтарды қоюдың қажеті қанша деуі мүмкін. Бірақ философияның күші – оның міндеті позитивті, ақырғы жауаптар мен білімді берумен шектелмейді, философия – ойды ояту, оны жұмыс жасауға мәжбүрлеу сияқтылардан да тұрады, өйткені тірі (қатып қалған емес) ойлау ақылға сыймайтыннан, шешуге болмайтыннан, мүмкін еместен туындайды» [15].

Интеллектуалды мәдениеттің құрамдас бөліктерінің бірі – рухани тәрбие мен құндылықтар жүйесі екендігі айқын дүние. Саналы жан қоғамнан өзінің еркіндігі пен бостандығы мәселелерін шешуді талап етсе, қоғам да адамға өзінің талаптары мен міндеттерін қояды. Әрине, әлеуметтік

тепе-теңдікті сақтағанда ғана қоғамдық келісім мен үйлесім орнайды. Әйтсе де ұлттың интеллектуалды мәдениеті жекелеген адамның капиталымен, оның мүмкіндігі мен шығармашылық іс-әрекетінің радиусымен айқындалатыны да сөзсіз. Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамның әуелден тоқымашы немесе хатшы болып тумайтыны сияқты, ізгілік пен жаман қылық та адамға әуел бастан жаратылысынан дарымайды. Өнер біткеннің бәріне жаратылысынан бейім адамның болуы шындыққа сыймайтыны сияқты, ізгіліктің, этикалық және интеллектуалдық, бәріне жаратылысынан толық бейім адамның болуы шындыққа сыймайды, ол мүмкін емес. Көбінесе әрбір ізгілік іске немесе бірнеше ізгілерге, не болмаса белгілі бір өнерге немесе бірнеше өнерге бейім болады, сөйтіп, біреу бір ізгі іске немесе өнерге, екінші біреу екіншісіне, үшінші біреу үшіншісіне бейім келеді» – деп әлеуметтік кепілдік пен тұрақтылық, адамның мүмкіндіктері жайлы әділ бағамдайды [16, 149 б.].

Қазақстанның әлемдегі дамыған мемлекеттердің алдыңғы қатарынан орын алуы үшін және қоғамның интеллектуалды мәдениеті мен капиталын жетілдіруде ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени-рухани болмысы мен қуатының маңызы зор. Жаһандық бәсекеде адамдар сапалы тауар өндірумен ғана шектелмейді, осы жолда ең алдымен интеллектуалды және мәдени тұрғыдағы жарысқа түседі. Интеллектуалды капитал қаншалықты экономикалық, сапалы өнім сынды капиталистік прагматикалық көзқарастармен өлшенгенімен, рухани қажеттіліктің орны ойсырап бос қалмауы тиіс. Осы орайда Әбу Насыр әл-Фарабидің «тән сияқты жан да өзіне тиесілі денсаулығы және науқасы болады. Жанның саулығы сол, оның өзінің және оның бөлшектерінің жайы жақсы болуының әсерінен әрдайым ізгі қылықтар көрсетіледі, игілікті істер істеледі және тамаша әрекеттер жасалады. Ал жанның науқастығы сол, оның өзінің және оның бөлшектерінің жайы нашар халде болуының әсерінен әрдайым жаман қылықтар көрсетіледі, азғындық істер істеледі және сорақы әрекеттер жасалады» – деген тұжырымын қуаттаймыз [16, 144 б.]. Тән азығы секілді, жан азығы болатынын және олардың мәндік болмысын көрсетті. Қайырымды қаланы пайымдай отырып, кемел қоғам үлгісін жасап берді. Дегенмен, мұның бүгінгі қоғамда жүзеге асырудың негіздерін зерделеу және оларды қолдана білу маңызды.

Ұлттың интеллектуалды мәдениеті – жеке бір адамның жан-жақтылық сапасымен ғана емес, қоғамдық деңгейде де өз жемісі мен нәтижесін



беретінін атап өттік. Ұлттың интеллектуалды мәдениетін арттыруда адам бойындағы білім мен рухани құндылықтардың сапалық үйлесімі маңызды. Кемел қоғамды аңсаған ойшыл Жүсіп Баласағұнның сөзімен айтқанда «Ақыл қайда болса, ұлылық толады, Білім кімде, сол білікті болады. Ақыл керек, білім таңдап аларға, Білім керек, іске жақсы қарарға» [17, 4-12 б.]. Білім адамзат тарихының шешуі сәттерін үнемі анықтап отыратынын адамзат мәдениеті тарихынан білеміз. Руханият пен білім тоғысса, адам болмысының үйлесім тапқаны. Заманауи тілмен айтқанда руханият пен білімнің адам бойында тоғысуы интеллектуалды мәдениеттің ажырамас сапалы өлшемдерінің бірі. Азаматтардың сауаттылығы – білім беру жүйесі мен жалпылай алғанда қоғамды гуманизациялаудан туындаса, түпкі мақсаты – ұлттың интеллектуалды мәдениет капиталын дамытуды құрайды. Адам ресурсының сапалық деңгейін көтерудің бір көрінісін мемлекеттік саясаттың ғылымға деген жаппай бетбұрысынан аңғара аламыз.

Отанымыз тәуелсіздік алған жылдардан бастап әлеуметтік-гуманитарлық саладағы ғалымдарымыздың көпшілігі қазақ даласы мен хал-

қының төл тарихы мен рухани бастауларына, қайнарларына деген бетбұрысы қарқын алды. Мұның айқын көріністерін ғалымдарымыздың іргелі еңбектерінен аңғарсақ, мұндай үрдістердің мәнін философ-ғалым Жақан Молдабековтың мына бір тұжырымдары айқындай түседі: «Өзін түсіну. Өзін-өзі тану. Өзін таныту – әр адам өмірінің күретаымыры. Адамның өзіне жол салуы осы үш кезеңнен, сатыдан, яки адамның өзін адамгершілік тұрғысынан түсінуінен, жан дүниесін түсіндіруден, тұлғаның әлеуметтенуінен құралатыны хақ. Еріктілер, естілер, ептілер өзімен өмір бойы сұхбаттасады, сырласады, өзінің ойындағы бейнесін жасайды. Өзімен сырласа білген өмірдің төте жолын табады, өзіндік әлемді саралайды, жақындықтың жайлауын жаңғыртады» [18]. Интеллектуалды мәдениетті қалыптастыру ұлтымыздың интеллектуалды дәстүрін тану, заманауи қалыптарға бейімдеу мен жаңғыртуды құрайды. Әлемдік интеллектуалды бәсекеге қабілеттілігін сынайды. Оның бағдарлары мен өлшемдеріне констелляциялық ұстын орайынан қарайтын болсақ, оның құрылымы өте күрделі және кешенді зерттеу мен зерделеуді қажет етеді.

### Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс // Ақиқат. – 2009. – №11. – 411 б.
- 2 Индустрияландыру: бес жылдық белес. <http://egemen.kz/2014/12/26/45937> 12.01.2015.
- 3 Аузан А.А., Архангельский А.Н., Лунгин П.С., Найшуль В.А. Культурные факторы модернизации. – М., 2011. – 221 с.
- 4 Касабек А., Касабек С. Искание истины. – Алматы: Ғылым, 1998. – 144 с.
- 5 Гуревич П.С. Философия культуры. Учебник для высшей школы. – М.: Издательский дом Nota bene, 2001. – 352 с.
- 6 Репина Л.П. Интеллектуальные сообщества как объект и предмет сравнительно-исторического исследования: проблемы методологии // Политические и интеллектуальные сообщества в сравнительно-исторической перспективе. – М., 2007. – С. 89–92.
- 7 Гавров С.Н. Национальная культура и модернизация общества: учебное пособие. – М.: МГУКИ, 2003. – 86 с.
- 8 Касымжанов А.Х., Кодар З.М., Куранбек С.А., Кабылова А.С., Мурзалин Ж., Атымтаева К.М., Омаров Е.С. Портреты. Степь глазами извне. От Геродота до Гумбольдта. – Алматы, 2000. – 148 с.
- 9 Ардакани Р.Д. Фараби – основоположник исламской философии / [Ризо Довари Ардакани]; пер. с перс. А. Абсаликова. – М.: ООО «Садра», 2014. – 132 с.
- 10 Гавров С.Н. Социокультурная традиция и модернизация российского общества. – М.: МГУКИ, 2002. – 146 с.
- 11 Рау И. Концепции истории в спорах о мультикультурализме / И. Рау // Әлемдік философия дамуының өзекті мәселелері: II Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (14-16 ақпан 2013 ж., Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2013. – 78-83 бб.
- 12 Нуриев М.А., Аташ Б.М., Мошанов С., Маханова Н.Б. Қазақ философиясы: Оқу құралы / М.А. Нуриев, Б.М. Аташ, С. Мошанов, Н.Б. Маханова. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2014. – 135 б.
- 13 Құлсариева А. Роль религии в процессе социальной модернизации страны / А. Құлсариева // Мемлекет пен дін қарым-қатынасы модельдерін жасау жолындағы ізденіс: Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы, – 2011. – 25-31 бб.
- 14 Дунаев В.Ю., Курганская В.Д. Интеллектуальный потенциал казахстанского общества: наука и образование / В.Ю. Дунаев, В.Д. Курганская // Философия ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Қасабектің 70 жылдық мерейтойына арналған «Тұлғалық шығармашылықтың әлеуметтік, тарихи және дүниетанымдық мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Талдықорған. 2013. – 26-31 бб.

15 Нуржанов Б.Г. Президентская программа «Интеллектуальная нация – 2020»: Задачи высшей школы. // «Высшее образование – стратегический ресурс формирования интеллектуальной нации»: Материалы XXXX научно-методической конференции профессорско – преподавательского состава КазНУ им. аль-Фараби. Т. 1. – Алматы: Казак университети, 2010. – С. 180-185.

16 Өбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 4-том. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. Астана: «Лотос – Астана» ЖШС 2007. – 296 б.

17 Баласағұн Жүсіп. Құтты білік. Ауд. Асқар Егеубаев. Астана: Аударма, 2003. – 128 б.

18 Молдабеков Ж.Ж. Өзін-өзі тану – аргытекті танудың көне де көрнекі түрі / Ж.Ж. Молдабеков // Философия ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Қасабектің 70 жылдық мерейтойына арналған «Тұлғалық шығармашылықтың әлеуметтік, тарихи және дүниетанымдық мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Талдықорған. 2013. – 36-44 бб.

## References

- 1 Nazarbaev N.Ə. Қазақстан дағдарыстан кейінгі дүниеде: болашаққа интеллектуалдық секіріс // Ақиқат. – 2009. – №11. – 411 б.
- 2 Industrijalandyru: bes zhyldyk beles. <http://egemen.kz/2014/12/26/45937> 12.01.2015.
- 3 Auzan A.A., Arhangel'skij A.N., Lungin P.S., Najshul' V.A. Kul'turnye faktory modernizacii. – M., 2011. – 221 s.
- 4 Kasabek A., Kasabek S. Iskanie istiny. – Almaty: Fylym, 1998. – 144 s.
- 5 Gurevich P.S. Filosofija kul'tury. Uchebnik dlja vysshej shkoly. – M.: Izdatel'skij dom Nota bene, 2001. – 352 s.
- 6 Repina L.P. Intellektual'nye soobshhestva kak ob'ekt i predmet sravnitel'no-istoricheskogo issledovanija: problemy metodologii // Politicheskie i intellektual'nye soobshhestva v sravnitel'no-istoricheskoy perspektive. – M., 2007. – S. 89–92.
- 7 Gavrov S.N. Nacional'naja kul'tura i modernizacija obshhestva: uchebnoe posobie. – M.: MGUKI, 2003. – 86 s.
- 8 Kasymzhanov A.H., Kodar Z.M., Kuranbek S.A., Kabylova A.S., Murzalin Zh., Atymtaeva K.M., Omarov E.S. Portrety. Step' glazami izvne. Ot Gerodota do Gumbol'dta. – Almaty, 2000. – 148 s.
- 9 Ardakani R.D. Farabi – osnovopolozhnik islamskoj filosofii / [Rizo Dovari Ardakani]; per. s pers. A. Absalikova. – M.: ООО «Sadra», 2014. – 132 s.
- 10 Gavrov S.N. Sociokul'turnaja tradicija i modernizacija rossijskogo obshhestva. – M.: MGUKI, 2002. – 146 s.
- 11 Rau I. Konceptii istorii v sporah o mul'tikul'turalizme / I. Rau // Әлемдік философия дамуының өзекті мәселелері: II Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары (14-16 ақпан 2013 ж., Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: L.N. Gumbol'ev atyndaғы ЕҒУ баспасы, 2013. – 78-83 бб.
- 12 Nuriev M.A., Atash B.M., Moshanov S., Mahanova N.B. Қазақ философиясы: Оқи құралы / M.A. Nuriev, B.M. Atash, S. Moshanov, N.B. Mahanova. – Almaty: Abaj atyndaғы ҚазҰПУ, 2014. – 135 б.
- 13 Kulsarieva A. Rol' religii v processe social'noj modernizacii strany / A. Kulsarieva // Memleket pen din қарым-қатынасы моделдерін зhasau zholyndary izdenis: Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Almaty, – 2011. – 25-31 бб.
- 14 Dunaev V.Ju., Kurganskaja V.D. Intellektual'nyj potencial kazahstanskogo obshhestva: nauki i obrazovanie / V.Ju. Dunaev, V.D. Kurganskaja // Filosofija ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Қасабектің 70 жылдық мерейтойына арналған «Тұлғалық шығармашылықтың әлеуметтік, тарихи және дүниетанымдық мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Талдықорған. 2013. – 26-31 бб.
- 15 Nurzhanov B.G. Prezidentskaja programma «Intellektual'naja nacija – 2020»: Zadachi vysshej shkoly. // «Vysshee obrazovanie – strategicheskij resurs formirovanija intellektual'noj nacii»: Materialy XXXX nauchno-metodicheskoy konferencii profesorskogo – prepodavatel'skogo sostava KazNU im. al'-Farabi. T. 1. – Almaty: Kazak universiteti, 2010. – S. 180-185.
- 16 Өбу Насыр әл-Фараби. 10 томдық шығармалар жинағы. 4-том. Әлеуметтік философия. Этика. Эстетика. Астана: «Лотос – Астана» ЖШС 2007. – 296 б.
- 17 Balasagun Zhusip. Kutty bilik. Aud. Askar Egeubaev. Astana: Aударма, 2003. – 128 б.
- 18 Moldabekov Zh.Zh. Ozin-ozii tanu – argytekty tanudyn kone de korneki turi / Zh.Zh. Moldabekov // Философия ғылымдарының докторы, профессор Аманжол Қасабектің 70 жылдық мерейтойына арналған «Тұлғалық шығармашылықтың әлеуметтік, тарихи және дүниетанымдық мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. – Талдықорған. 2013. – 36-44 бб.